

Шаухат Диана Муханбетовнаның «10 жылдық жерасты жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілерде кездесетін респираторлық созылмалы аурулардың даму қаупін пурин алмасуы мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының көрсеткіштері арқылы бағалау» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған

6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|-------|--|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p> | <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың басым бағыты – Өмір туралы ғылым және денсаулық саласына жатады. Зерттеу қазіргі заманғы ғылымның талаптары мен міндеттеріне, практикалық денсаулық сақтаудың қажеттіліктеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы кәсіби аурулар мен зертханалық диагностика саласының басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертация 6D110100 «Медицина» мамандығы бойынша PhD дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сай келеді.</p> |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Жұмыстың ғылымға қосқан үлесі жоғары дәрежеде және зерттеудің маңыздылығы жақсы суреттелген. Диссертация көміршілерде созылмалы респираторлық аурулардың даму қаупін |

| | | | |
|----|----------------------|--|---|
| | | | бағалаудың тиімді әдістерін зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Бұл мәселені зерттеудің маңыздылығы толығымен ашылған. Қан плазмасындағы жасушадан тыс РНҚ-ны анықтау көміршілерде созылмалы өкпе ауруларының даму қаупін ерте анықтаудың диагностикалық әдісі болып табылады, оны жерасты жағдайында 5 жыл жұмыс істегеннен бастап жүргізу ұсынылады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: | Диссертант теориялық және әдістемелік бөлімдерді өз бетінше әзірледі, зерттеу дизайнын құрастырды, нәтижелердің статистикалық өңдеуін жүргізді, диссертациялық жұмысты жазып, рәсімдеді. Диссертациялық жұмыста ұсынылған және ғылыми жаңалығы бар барлық нәтижелер автордың жеке еңбегі болып табылады. |
| | | 1) жоғары; | |
| | | 2) орташа; | |
| | | 3) төмен; | |
| | | 4) өзі жазбаған. | |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: | Аталған тақырыпты зерттеудің өзектілігі денсаулық сақтау саласындағы бірқатар мәселелермен байланысты. Жұмыс істейтін халықтың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері осы саладағы ең маңызды мәселесі болып табылады. Кәсіби аурулардың дамуы ел экономикасына айтарлықтай шығын келтіріп, зиянды жағдайда жұмыс істейтін адамдар арасында |
| | | 1) негізделген; | |
| | | 2) ішінара негізделген; | |
| | | 3) негізделмеген. | |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>мүгедектіктің өсуіне себеп болатын әлеуметтік сипатқа ие.</p> <p>Осыған байланысты қазіргі уақытта ағзаның барлық жасушалары үшін көптеген маңызды биохимиялық процестерде пайдаланылатын немесе цитогенетикалық зақымданулардың нәтижесінде пайда болатын метаболикалық компоненттерді іздеу өзекті болып отыр. Бұл компоненттер тыныс алу ағзаларының, соның ішінде шаң ауруларының созылмалы ауруларын ерте диагностикалауда болжамдық маңызға ие болып табылады.</p> <p>Қолжетімді, қарапайым және сенімді зерттеу әдістерін қолдана отырып, созылмалы өкпе ауруларының даму қаупін бағалау және алдын алу бойынша профилактикалық шараларды өткізу республикадағы жұмысқа жарамды халықтың денсаулығын сақтау мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Шаухат Д.М. «10 жылдық жерасты жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілерде кездесетін респираторлық созылмалы аурулардың даму қаупін пурин алмасуы мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының көрсеткіштері арқылы бағалау» атты диссертациялық жұмысы зерттеу тақырыбының негізгі өзектілігін дәлелдейді.</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|---|---|---|--|
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: | Диссертацияның мазмұны оның барлық тарауларында диссертация тақырыбын толық көрсетеді. |
| 1) айқындайды; | | | |
| 2) ішінара айқындайды; | | | |
| 3) айқындамайды. | | | |
| 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | Мақсаты нақты және дәл тұжырымдалған, міндеттері диссертация тақырыбына және зерттеу мақсатына сәйкес келеді, зерттеліп жатқан мәселені жүзеге асыруға бағытталған. | | |
| 1) сәйкес келеді; | | | |
| 2) ішінара сәйкес келеді; | | | |
| | | | |
| 3) сәйкес келмейді. | | | |
| 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | Диссертациялық жұмыс ішкі біртұтастыққа ие. Жұмыстың барлық бөлімдері мен тұжырымдары өзара толық логикалық байланыста. Әдебиетке шолу бөлімінде қарастырылған әдеби деректердің тереңдігі 20 жылдан аспайды, шетелдік дереккөздер басымдыққа ие (73%), сондай-ақ Қазақстандағы мәселені зерттеудің өзекті деректері берілген, бұл мәселенің мәнін толық ашып көрсетеді. Жұмыстың мазмұны мен құрылымы, міндеттерді шешу реттілігі, қорғауға қойылған негізгі тұжырымдарды дәлелдеу логикалық түрде дұрыс құрастырылған және статистикалық жағынан сенімді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары өзара толық логикалық байланыста. Зерттеу дизайны, таңдау көлемін есептеу, зерттеу әдістері қойылған міндеттерді орындауға және зерттеу мақсатына жетуге бағытталған, | | |
| 1) толық байланысқан; | | | |
| 2) ішінара байланысқан; | | | |
| 3) байланыс жоқ. | | | |

| | | | |
|----|----------------------------|--|---|
| | | | <p>статистикалық критерийлерді таңдау алынған нәтижелердің дұрыстығын көрсетеді. Қорытындылар зерттеу нәтижелерінен дәлелді және логикалық түрде туындайды, қойылған міндеттерге сәйкес келеді, бұл жұмыстың тұтастығы мен толықтығын қамтамасыз етіп, оның ішкі біртұтастығының дәлелі болып табылады.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p> | <p>Автор ұсынған ғылыми мәселенің жаңа шешімдері дәлелденіп, зерттеу нәтижелерінде көрсетілген. Автор алған жаңа деректер негізделіп, белгілі мәліметтермен салыстырылып бағаланған. Қолжетімді әдебиеттерге сыни талдау жүргізіліп, оның логикалық жалғасы ретінде өз зерттеулерінің нәтижелері көрсетілген және осы ғылыми саладағы зерттеліп жатқан мәселені шешу жолдары ұсынылған.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> | <p>Зерттеу дизайнының жоғары әдістемелік және ғылыми деңгейін атап өту</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | қажет. Барлық алынған сандық деректер сәйкес статистикалық критерийлерді қолданып, статистикалық маңыздылығын есептей отырып, статистикалық өңдеуден өткен. Автордың алған барлық ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңалық болып табылады. Диссертанттың алған ғылыми нәтижелері мен қорытындылары ғылымның дамуына елеулі үлес қосып, жаңашылдығымен ерекшеленеді. |
| | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Диссертацияның қорытындылары толықтай жаңа және логикалық тұрғыдан негізделген. |
| | 1) толығымен жаңа; | |
| | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Технологиялық және басқарушылық шешімдер жаңа әрі толық негізделген болып табылады, бұл туралы Қазақстан Республикасының авторлық құқық нысанына 2023 жылғы 6 қазан № 39455 «Шаң |
| | 1) толығымен жаңа; | |
| | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|----|--------------------------------------|--|--|
| | | | <p>факторының ағзаға әсерінің патогенезіне пуриндердің, жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының және аққуыздардың тотыққан модификациялануының қатысуы» және 2025 жылғы 13 қаңтар № 53379 «Оценка риска развития хронических заболеваний органов дыхания у шахтеров–угольщиков с подземным стажем до 10 лет» атты мемлекеттік тіркеу куәліктері дәлелдейді.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p> | <p>Автор осы зерттеуде зерттеу міндеттеріне нақты әрі жан-жақты жауап беретін қорытындыларды ұсынған, олар статистикалық әдістерді қолданып расталған. Бұл қорытындылар жоғары дәлелділік деңгейімен негізделген. Алынған мәліметтер кең көлемді талданған материалдармен, қолданылған зерттеу әдістерімен және статистикалық өңдеумен толықтырылған. Диссертантың қолданған көпфакторлы талдауы негізінде көмірші кеншілерде өкпенің созылмалы ауруларының даму қаупін жерасты жұмыс өтілі ұзақтығы мен қандағы жасушадан тыс РНҚ деңгейінің көрсеткіштері арқылы бағалауға болатыны анықталды.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> | <p>Диссертациялық жұмысқа жариялы қорғауға қойылатын төрт тұжырым кіреді. Барлық</p> |

| | | |
|--|---|--|
| | 1) дәлелденді; | <p>тұжырымдар дәлелденген, қарапайым емес, жаңалық сипатында және кең көлемде қолдануға жарамды, сондай-ақ докторанттың жарияланымдарында расталған: Scopus базасына кіретін «Russian Open Medical Journal» (2024 жыл) журналында «Assessment of purine catabolism and morbidity in miners depending on their work experience» атты мақаласында 1, 2 және 4-ші тұжырымдар дәлелденген. ККСОН ұсынып отырған тізімге кіретін «Вестник КазНМУ» (2020 жыл) журналында «Особенности метаболизма пуринов в крови у горнорабочих угольных шахт» мақаласында 2-ші тұжырым расталған. Қазақстан Республикасының авторлық құқық нысанына 2023 жылғы 6 қазан № 39455 куәлігімен тіркелген «Пурин алмасуының метаболиттері, жасушадан тыс нуклеин қышқылдары және қан плазмасындағы тотыққан ақуыздардың көмірші кеншілерде шаң факторы әсері кезіндегі өзара әрекетінің сипаты» атты құжатта 2 және 3-ші тұжырымдар дәлелденген. 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 53379 куәлігімен тіркелген «Оценка риска развития хронических заболеваний органов дыхания у шахтеров–угольщикова с</p> |
| | 2) шамамен дәлелденді; | |
| | 3) шамамен дәлелденбеді; | |
| | 4) дәлелденбеді; | |
| | 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| | 7.2 Тривиалды ма? | |
| | 1) ия; | |
| | 2) жоқ; | |
| | 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. | |
| | 7.3 Жаңа ма? | |
| | 1) ия; | |
| | 2) жоқ; | |
| | 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. | |
| | 7.4 Қолдану деңгейі: | |
| | 1) тар; | |
| | 2) орташа; | |
| | 3) кең | |
| | 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. | |
| | 7.5 Мақалада дәлелденген бе? | |
| | 1) ия; | |
| | 2) жоқ | |
| | 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |

| | | | |
|----|--|---|---|
| | | | <p>подземным стажем до 10 лет» атты құжатта 4-ші тұжырым расталған. Сонымен қатар, жұмыстың нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалып, тезистер түрінде жарияланған.</p> |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | <p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> | <p>Таңдалған әдістеме зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне негізделген. Ғылыми жұмыстың әдістемесі мен дизайны жеткілікті түрде егжей-тегжейлі баяндалған. Таңдалған әдістеме мен ұсынылған дизайн зерттеу мәселесіне сай келеді. Статистикалық әдістер алынған зерттеу нәтижелерін сенімді дәлелдейді және қорытындыларда орынды қолданылған.</p> |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | | |
| | | | |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алу үшін заманауи және ақпараттық ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды. Барлық статистикалық есептеулер IBM SPSS Statistics 22 және Statistica 13.2 бағдарламалық қамтамасыздандыруының көмегімен, стандартталған және валидті статистикалық өңдеу әдістерін қолдана отырып жүргізілді. Алынған нәтижелер негізінде диссертант ғылыми тұжырымдар жасады.</p> |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | | Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар жүргізілген іргелі ғылыми зерттеу және алынған деректерді талдау нәтижесінде дәлелденіп, расталды. |
| | | | |
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> | <p>Көпфакторлы талдау негізінде көмірші-кеншілерде жер астында 7–10 жыл еңбек өтілі болған жағдайда созылмалы өкпе ауруларының даму қаупі 8,6 есеге артатыны анықталды, ал қан плазмасындағы жасушадан тыс РНҚ деңгейінің жоғарылауы бұл қауіпті 4 есеге көбейтеді. Қан плазмасындағы жасушадан тыс РНҚ-ны анықтау көмірші-кеншілерде созылмалы өкпе ауруларының даму қаупін ерте кезеңде анықтайтын диагностикалық әдіс ретінде ұсынылады және оны жер астында 5 жыл жұмыс істегеннен бастап жүргізу ұсынылады.</p> |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер жеткілікті. Әдеби шолу үшін 224 дереккөз пайдаланылды, олардың көпшілігі ағылшын тілінде жазылған, бұл зерттеліп отырған мәселенің халықаралық қызығушылық тудыратынын және өзектілігін растайды. |

| | | | |
|---------------------------------------|--|---|--|
| 9 Практикалық құндылық қағидаты | | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p> | <p>Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы күмән тудырмайды. Алынған нәтижелер оқу үдерісінде, әсіресе дәрістер мен аудиториялық сабақтарда қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, алынған нәтижелер ғылыми семинарлар және басқа да іс-шаралар үшін де пайдалы.</p> |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p> | <p>Автордың алған нәтижелері маңызды практикалық мәнге ие. Адам ағзасына улы антрацит шаңының бастамашылық әсері кезінде болатын метаболикалық процестерді неғұрлым толық түсінуді қамтамасыз ететін жүргізілген теориялық зерттеудің негізінде диссертант жұмыстың практикалық қолданылуын көрсетті, яғни анықталған маркерлердің қауіптілігін бағалау және алдын алу шараларын жүргізу мүмкіндігін көрсетті. Диссертациялық зерттеу нәтижелері мен ұсынылған ұсынымдар практикаға енгізілген, бұл туралы енгізу актілері куәландырады.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Ізденуші ұсынған көмірші-кеншілердегі созылмалы өкпе ауруларының дамуын ерте диагностикалау маркерлерін зерттеу әдістері жаңа, қолжетімді және қайталанатын әдіс болып табылады.</p> |

| | | | |
|-----|--|--|---|
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | <p>Шаухат Диана Муханбетовнаның «10 жылдық жерасты жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілерде кездесетін респираторлық созылмалы аурулардың даму қаупін пурин алмасуы мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының көрсеткіштері арқылы бағалау» атты диссертациясы классикалық стильде жазылған. Диссертация көмірші-кеншілердегі созылмалы өкпе патологиясының дамуына қатысты мәселелердің жаңа шешімін қамтитын, аяқталған ғылыми-біліктілік жұмысы болып табылады. Диссертант кәсіби патологиялардың ерте дамуын диагностикалау және даму қауіпін бағалаудың жаңа әдістерін ұсынады. Жұмыс ғылыми стильде баяндалған, кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, авторлық зерттеу нәтижелері, қорытынды мен тұжырымдар, практикалық ұсыныстар және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.</p> |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Мазмұны мен құжаттың рәсімделуіне қатысты ескертулер жоқ. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған | | - |

| | | |
|---|--|---|
| жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | |
| 13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес) | | Шаухат Диана Муханбетовнаның жұмысы өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, материалды толық баяндауы және қорытындылардың негізділігі бойынша 6D110100 – Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу талаптарына сәйкес келеді, әрі докторант іделіп отырған дәрежеге ие болуға лайық. |

Ресми рецензент:

м.ғ.к., «Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ «№2 Жалпы дәрігерлік практика»
кафедрасының қауымдастырылған профессор



Сатыбалдиева У.А

